

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 мамырда № 13748 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық агенттігінің төрағасы 2016 жылғы 21 қазандағы № 19 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық агенттігінің төрағасы 21.10.2016 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 24-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі комиссиясы туралы ереже б е к і т і л с і н .

2. «Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның Тәртіптік комиссиясы туралы Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 89 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10180 тіркелді, 2015 жылғы 5 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) күші жойылды д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға ж о л д а н у ы ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануы;

4) осы бұйрықтың Министрліктің ресми интернет-ресурсына орналастырылуы қамтамасыз етілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері вице-министрі А.А. Шайымоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр	Т. Донақов
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к	қ ы з м е т
і с т е р і	м и н и с т р і н і ң
2 0 1 6	ж ы л ғ ы 2 6
№ 8 7	б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген	с ә у і р д е г і

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның әдеп жөніндегі комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның әдеп жөніндегі комиссиясы туралы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 24-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Қ а ғ и д а л а р) .

2. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның әдеп жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінде (бұдан әрі - Министрлік) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған, сондай-ақ әдеп нормаларын бұзуға жол берген В-1, С-1, С-2 санаттарындағы қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді қарау үшін құрылатын тұрақты қолданыстағы алқалы орган.

3. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы «

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, Қағидаларды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі функциялары

4. Комиссияның негізгі функцияларымен:

1) осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметшілерді (бұдан әрі - қызметші) тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі мемлекеттік орталық органдарының басшылары атына ұсыныстар әзірлеу және тәртіптік істерді қ а р а с т ы р у ;

2) сыбайлас жемқорлық пен қызметтік әдеп нормаларының талаптарын бұзу бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды алдын алу жөнінде шараларды әзірлеу;

5. Комиссия функцияларын жүзеге асыру мақсатында:

1) өзінің мәжілістерінде мемлекеттік орталық органдардың, олардың ведомстволарының басшыларын тыңдайды;

2) құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан, ұйымдардан құжаттарды және ақпаратты сұратады;

3) орталық мемлекеттік органдарына (арнаулы мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен басқа) қызметшілерімен әдеп нормаларының талаптарын бұзу фактілері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны бойынша Қағидалардың талаптарына сәйкес қызметтік тексерістер жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді.

3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияның жеке құрамы Мемлекеттік қызмет істері министрімен а н ы қ т а л а д ы .

Комиссияның құрамына орталық мемлекеттік органдарының басшылары (орынбасарлары), соның ішінде, құқық қорғау органдарының мүшелері, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Комиссияның дербес құрамы тақ саннан және Төрағамен қоса 7-ден кем е м е с м ү ш е д е н т ұ р а д ы .

7. Комиссияның Төрағасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Вице-министрі болып табылады, ол:

1) Комиссияны басқарады, оның жұмысын басшылыққа алуын іске асырады ж ә н е ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

2) Комиссия мәжілісінің күн тәртібін анықтайды;
3) Комиссия мәжілісін шақыртады және онда төрағалық етеді;
4) Комиссия мәжілісінде қаралатын нақты мәселе бойынша баяндаушыны анықтайды;

5) Комиссияның жабық мәжілісін өткізу туралы шешім бекітеді;
6) Комиссияның шешімін мемлекеттік органға жолдайды;
7) Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министріне баяндайды.

8. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген қызметшілер Комиссиямен қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым бере алады.

9. Комиссияның жұмыс органы Министрліктің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) болып табылады.

10. Комиссияның хатшысы Министрлік Басқармасының қызметкері болып табылады, ол:

- 1) Комиссияның отырыс хаттамасын жүргізеді;
- 2) Комиссияның іс жүргізуін қамтамасыз етеді.

11. Комиссияның шешімі Комиссия Төрағасының қолы қойылатын хаттамамен рәсімделеді және оны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күн мерзімде тиісті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға таратылады.

12. Комиссияның мүшелерін Комиссияның жұмыс органы мәжіліске үш жұмыс күн мерзіміне дейін мәжілістің жүргізу орны, күні, оның күн тәртібі туралы хабарланады және таныстырылады.

13. Комиссияның мәжілісі:

1) Комиссия мүшелерінің жалпы санының төрттен үші қатысып отырса заңды деп саналады;

2) қажеттілігіне қарай өткізіледі;

3) қажет болған жағдайда, егер мәселелерді қарастыру мемлекеттік құпияны қозғайтын болса, онда Комиссия төрағасының шешімімен жабық отырыстар өткізіледі.

14. Комиссияның шешімдері мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады.

15. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің теріс қылық жасауы туралы мәліметтер: жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, қызметтік жазбахаттар не тәртіптік теріс қылық жасаған адам жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсынымдары және өзге де материалдар болып табылады.

16. Тәртіптік іс Комиссияның отырысында қаралғанға дейін оның хатшылығы қызметтік тексеру жүргізеді, оның барысында іске қатысы бар мән-жайлар мен мәліметтер зерделенеді, тәртіптік жауаптылыққа тартылатын адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етіледі.

17. Осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары фактілері бойынша қызметтік тексерулер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің бұйрығымен тағайындалады және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Министрлік қажет болған жағдайда қызметтік тексеруді сол мемлекеттік органның персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) тапсыруы мүмкін.

18. Хатшылық тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдарды Комиссия отырысының орны мен өткізілетін уақыты туралы хабарландыру жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

Тәртіптік Кеңестің отырысында тәртіптік іс, егер тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдар отырыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күн бұрын тиісінше хабарландырылса, олардың қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

Осы Ережеде тиісінше хабарлау деп мемлекеттік әкімшілік қызметшіні тікелей өзіне жұмыс орны бойынша хатпен немесе онымен бірге тұрып жатқан кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолын қойғызып, не хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, тапсырыс хатпен немесе жеделхатпен табыс етілетін х а б а р л а у т а н ы л а д ы .

19. Комиссия мәжілісінде тәртіптік істер келесідей себептерде тоқтатылады:

- 1) қызметшінің уақытша еңбекке жарамсыздығында;
- 2) қызметшінің демалыста немесе іссапарда болу кезеңінде;
- 3) қызметшінің мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан босатылғанда;
- 4) қызметшінің даярлауда, қайта даярлауда, біліктілігін арттыру курстарында және тағылымдамада болғанында;
- 5) қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы мемлекеттік органдардың актілеріне оның сот тәртібімен шағым жасауы кезеңінде.

20. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) тәртіптік жазаны қолданудың және оның түрі туралы ұсынысты тиісті мемлекеттік органның басшысына жолдау туралы;
- 2) осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген жағдайларда тәртіптік істі тоқтату туралы;
- 3) мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар болған жағдайда құжаттар мен материалдарды

тиісті құқық қорғау органдарына немесе басқа уәкілетті органына жолдау туралы

21. Келесі жағдайларда тәртіптік іс тоқтатылады:
- 1) мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен қарастырылған тәртіптік жаза қолданудың мерзімдері өткенде;
 - 2) тәртіптік теріс қылық құрамы болмағанда.

22. Мемлекеттік органдардың басшыларымен Комиссияның ұсынымы бойынша жаза қолдану туралы шешім Ереженің 39-тармағына байланысты қарастырылады.